

Б.Л. Таирова¹, М.Ж. Спанов^{2*}, С.К. Меирбекова²

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: tairovabagila@mail.ru, Meir_filosof27@mail.ru, sveta.meir@mail.ru)

Түркі өркениетінің философиялық қырлары

Әрбір өркениеттің рухани болмысы мен дүниетанымдық негіздері философиялық ойлау жүйесінен көрініс табады. Түркі өркениеті — Еуразия кеңістігінде мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, тарихи, мәдени және рухани дәстүрлерді тоғыстырған байтақ өркениет. Оның философиялық қырлары адам, қоғам, табиғат және ғарыш арасындағы үйлесімділікке негізделген. Мақалада түркі өркениетінің философиялық мәні, дүниетанымдық ерекшеліктері және оның қазіргі заман үшін маңызы қарастырылған. Зерттеу барысында тарихи, салыстырмалы, әлеуметтік-саяси және мәдени талдау әдістері қолданылды. Сондай-ақ түркі халқының өткен тарихи танымының қалыптасуына ықпал еткен бастау көздері мен бағыттарын зерделеу арқылы ұлтаралық танымның өзіндік келбетін заманауи негізде қарастыру қолға алынған. Соның негізінде, түркі халықтарының саяси құрылымдарындағы өзгерістер, олардың басқару жүйесіндегі трансформациясы және идеологиядағы алмасулар зерттелді. Бұл бүгінгі ұлтымыздың өзіндік болмысы мен болашақтағы қадамдарын негіздеуде рухани сабақтастықтың ұлттық танымға тигізген ықпалын анықтау. Өткен мен бүгіннің арасын жалғайтын негізгі көпірлер заманауи бағыттағы өміршең идеяларды жан-жақты қарастыру көзделген. Саралау мен сараптамалық зерделеу бүгінгі заманның құндылығын бағамдауда қажет құбылыс. Негізгі нәтижелер ретінде түркі халықтарының саяси жүйелеріндегі өзгерістердің сыртқы факторлармен және ішкі әлеуметтік-саяси қозғалыстармен байланысы қарастырылды. Және түркі елінің тарихында қоғамда орын алған күрделі құбылыстардың саясатпен байланысы және билеу жүйесінің өзіндік әдіс-тәсіліндегі дініміз исламның әсері мен ұлттық тәуелсіздікке ұмтылудың ықпалы арқылы жүзеге асқандығы көрсетілді. Зерттеу түркі әлеміндегі саяси интеграция мен ынтымақтастықтың қазіргі келбетін айқындауда мүмкіндік береді. Нәтижелер түркі халықтарының саяси жүйелерінің дамуындағы ортақ заңдылықтарды, сондай-ақ олардың қазіргі кездегі саяси өзгерістерге қатынасы заманауи факторлардың әлемдік деңгейдегі көрінісі бүгінгі ахуалды тануға және танытуға өз үлесін қоспақ.

Кілт сөздер: көшпелі мәдениет, саяси интеграция, аймақтық ынтымақтастық, түркі мәдениеті, саяси алмасулар, мәдени ықпалдар, тарихи байланыстар, Ұлы Жібек жолы.

Kipicne

Түркі халықтарының саяси тарихы ұзақ әрі күрделі даму кезеңдерін камтиды, олардың мәдениеті мен саяси жүйелері белгілі бір маңызды құбылыстарда барынша қоғамға икемделіп қалыптасқан. Түркі әлемінің саяси құрылымдары, әсіресе көшпелі және отырықшы қоғамдардың өзара әсері, ислам дінінің қабылдануы, ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы және геосаяси өзгерістер — бұл барлық мәселелер түркі жұртының көшбасшылық жұмысында алмасуларды терең түсінуді талап етеді. Түркілердің тарихында саяси құрылымдардың өзгеруі, басқару жүйелерінің қайта құрылуы және жаңа саяси идеологиялардың қалыптасуы маңызды рөл атқарған.

Түркі халқының саяси алмасулары бірнеше кезеңдерге бөлініп, әртүрлі тарихи контекстер мен әлеуметтік, экономикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Бұл зерттеу саяси жүйесіндегі өзгеріс себептерін және осы өзгерістің әлеуметтік-саяси өмірге тигізген әсерін қарастырады. Зерттеу барысында түркі халықтарының саяси трансформациясын түсіндіру үшін қолданылатын түрлі ғылыми әдістер мен ғалымдардың зерттеу жұмыстары сараланды. Әрбір әдіс-тәсіл ғылыми негіздемелерге сүйене отырып, ғалымдар еңбегі арқылы түркі халқының саяси құрылымындағы өзгерістерді зерттеу, бұл халықтың саяси мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Олардың саяси тарихы қазіргі түркітілдес мемлекеттер мен халықаралық қатынастардың қалыптасуына ықпал етіп, аймақтық және жаһандық деңгейде саяси ықпалды өзгерістерге әкелді. Түркі халқының саяси өзгерістерінде орын алған құбылыстарды зерттеуде, белгілі әдіс-тәсілдер мен нәтижелерге сүйеніп, саясаттану, тарих және әлеуметтану салаларына қосымша құнды деректер ұсынды. Түркілердің көне заманнан бүгінгі уақыт аралығында қаншама белестерді бастан кешіп, өзіндік дамуда белгілі жолды

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: Meir_filosof27@mail.ru

анықтап, олардың көшінде тарихтың әр алуан тұсында әртүрлі мәдени, саяси, этникалық өзгерістерге ұшырап, оларды жаңа дәуірлерге жетеледі. Мақаланың негізгі мақсаты — түркі халқының арасындағы мәдени-саяси алмасулардың ықпалын зерделеу, олардың танымына ықпал еткен тұстарын ауыз әдебиеті мен өнерінде қарастыру. Тарих бойында олар бірнеше үлкен империялар мен мемлекеттер құрған, соның ішінде, Ұлы Түркі қағанаты, Қараханидтер мемлекеті, Ғұн империясы, Алтын Орда, Қазақ хандығы және басқа да көптеген мемлекеттер түркілердің саяси және мәдени ықпалын айқындаған. Түркілер өзара мәдени алмасулары, әсіресе араб, парсы, моңғол және иран мәдениеттерімен байланыстары олардың жазба әдебиетін, өнерін, діни сенімдерін және ғылыми жетістіктерін қалыптастырды. Түркілердің негізгі ерекшелігі жер көлемі жағынан үлкен аймақты қамтыса да, олар тарих өтінде алуан түрлі халықпен байланысқа түсіп, түрлі мәдени кеңістікте өзіндік келбетін анықтай алды. Алуан түрлі мәдениет пен өркениеттік қатынас түркі елі үшін Шығыс пен Батыс арасында мәдени көпір бола білді.

Мақалада түркі жұртының елдікке қатынасы ауызша әдебиет пен тіл, өнер мен философия салаларындағы көріністері қарастырылды. Түркілерге осы алмасулар қалай әсер еткені, олар дәстүрлері мен мәдениетін сақтай отырып, басқа мәдениеттерден қандай элементтерді қабылдағанын тереңірек түсіну мақсат етілген.

Зерттеу жұмысының негізгі міндеті — түркі халқының мәдени-саяси алмасуларын тарихи, мәдени және философиялық тұрғыдан талдай отырып, өркениетке қатынасы зерделенді. Түркі халықтары бай мәдени мұрасын жаңаша түсінуге және оларды сақтау мен дамытуға ұмтылды. Түркілердің тарихында бірнеше ірі империялар мен мемлекеттер құрылды. Заманында басқару жүйесінің түрлі бағыттары мен құрылымдарын қалыптастырып, мәдени алмасулар мен саяси құрылымдарды қалыптастырып, жаңа жүйелерді ұсынды. Түркілердің саяси құрылымы көбінесе көшпелі және политеистік дәстүрлермен тығыз байланысты болды. Бұған моңғол империясының түркі халықтарына әсері ерекше назар аударуды қажет етеді. Моңғолдардың біртұтас мемлекетті құрудағы басқару жүйесіне енгізген реформалары түркілердің саяси құрылымына ықпал етті. Қазақ халқының тарихи санасын қалыптастыруда ірі саяси күштер мен мемлекеттердің ықпалы маңызды рөл атқарды. Мысалы, Ұлы Түркі қағанатының саяси құрылымы мен қағанның жоғары билігі, Шыңғыс хан империясының әскери және саяси стратегиялары түркі мемлекеттерінің саяси танымын қалыптастыруға негіз болды. Бұл басқару мен ұйымдастыру қабілетін арттырып, алдыңғы қатарлы елдердің саясаттағы ұстанымын жетілдірді.

Зерттеу материалдары және әдістері

Түркі жұрты басқару тәсілінде шекаралас жатқан елдерден көп нәрсе ала білді. Бұл алмасулар зерттеуде қолданылатын әдістер әртүрлі және көпқырлы. Кез келген әдіс-тәсіл арқылы, ғалымдар түркі елінің ерекшелігін қарастырғанда, бірнеше ғылыми негіздемеге сүйеніп шешімдер шығарған. Соның бірі тарихи әдісте: әрбір кезеңде болған саяси өзгерістер мен дағдарыстарды қарастыру арқылы біз сол уақыттағы саяси жүйелердің қалай дамығанын көреміз. Оған Түркі қағанаты, Орта Азиядағы көшпелі империялар мен кейінгі исламдық мемлекеттердің қалыптасуын жатқызсақ; салыстырмалы әдіс арқылы түркі халықтарының саяси тәжірибесінің ерекшелігін ашуға мүмкіндік аламыз. Мысалы, түркілердің көшпелі өмір салты мен саяси құрылымдарын монғолдар немесе басқа көшпелі халықтармен салыстырып зерттеу, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік берсе, түркілердің исламдық саяси жүйелермен, яғни араб әлемі мен Орталық Азиядағы ислам мемлекеттерімен қалай өзара әрекеттескенін зерттеу арқылы салыстыру жүргізіледі. Саяси-әлеуметтік тұрғыдағы әдісте саяси құрылымдар мен әлеуметтік топтар арасындағы өзара қарым-қатынасты зерттеу арқылы түркі халқының әлеуметтік құрылымдарындағы өзгерістерді, саяси элитаның қалыптасуын, халықтың билікке қатысу жолдарын және әлеуметтік теңсіздіктің саяси жүйеге әсері қарастырылса; мәдени аралық және идеологиялық тұрғыдағы әдісте түркі халқының саяси жүйесіндегі өзгерістер мәдени және идеологиялық факторлармен қалай өзара байланысты болғанын қарастыруға бағытталған. Мысалы, исламның түркі халқының саяси мәдениетіне ықпалы, ортағасырлық түркі ойшылының саяси философиясы және олар ұсынған басқару принциптерін зерттеу арқылы саяси алмасуларды тереңірек түсінуге болады. Дін мен саяси байланыс жағын қарастырғанда, саяси құрылымындағы өзгерістерді нақтылау маңызды болса, геосаяси тұрғыдан зерттеу халықаралық аренадағы рөлін және сыртқы саясаттағы өзгерістерін түсінуге мүмкіндік береді. Түркі халқының арасында геосаяси байланыстар, әсіресе көршілес елдермен қарым-қатынастары олардың ішкі саяси құрылымына ықпалы қаншалықты әсер еткені

анықталса, геосаяси жағынан талдағанда басқару тактикасының ішкі құрылымға ғана емес, сыртқы күштер ықпалымен де байланысады. Тарихи, салыстырмалы, әлеуметтік-саяси, мәдени және геосаяси әдістерді біріктіру арқылы біз түркі халықтарының саяси құрылымындағы өзгерістер мен алмасудың себептерін, әлеуметтік тұрғыдан алғанда саяси қатынасын анықтағанда байқаймыз. **Бенедикт Андерсон** (Benedict Anderson) — ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен олардың мәдени сипаттамаларын салыстыра отырып, саяси мәдениеттің ұлтшылдық тұжырымдамасын зерттесе, **Томас Манн** (Thomas Mann) — ұлттардың мәдениетін салыстырғанда, өзара мәдени сәйкестіктің қалыптасуына назар аударды. Контекстуалдық талдау арқылы түркі халқының мәдени және саяси процестері нақты тарихи, әлеуметтік және мәдени контексте түсінуге бағытталса, бұл әдіс тарихи оқиғаларды, мәдени өзгерістер мен саяси процестерді өз кезеңінің контекстінде қарауды талап етеді. Э. Саид — постколониализм мен мәдени теориялар бойынша зерттеулерінде, әсіресе «Ориентализм» («Orientalism») еңбегінде Батыс пен Шығыс арасындағы мәдени қарым-қатынасты контекстуалдық тұрғыда талдалса, **Джон Роулс** (John Rawls) — саяси философия саласындағы жұмысы арқылы заңдар мен нормалардың қоғамдағы әділдікке әсерін зерттесе, **Габриэль Тарда** (Gabriel Tarde) — қоғамдағы нормалар мен заңдардың әсерін әлеуметтік құрылымдар мен саяси өзгерістер тұрғысынан қарастырған болатын.

Нәтижелері

Түркі халқының мәдени-саяси алмасулары — тек тарихи құбылыс ғана емес, қазіргі кезеңдегі саяси өмірде өзіндік орны бар құбылыс. Түркі әлеміндегі саяси өзгерістер әртүрлі факторлармен, әлеуметтік құрылымдармен, дінмен және геосаяси ықпалдармен өзара байланысты. Түркі халқының саяси ұстанымы бірнеше тарихи кезеңдерге бөлінді, әр кезеңде түрлі әлеуметтік, экономикалық және сыртқы факторлар әсер етті. Көшпелі қоғамнан отырықшы қоғамға көшу, империялық құрылымдардың қалыптасуы және ұлттық мемлекеттердің құрылуы — бұл үдерістер бір-бірімен тығыз байланысты. Түркілік саяси құрылымның трансформациясы олардың өмір салтынан, экономикалық жағдайынан және мәдениетінің өзгеруінен туындады. XX ғасырдың басында Осман империясы мен Ресей империясындағы түркі халықтарының тәуелсіздік алу кезеңдері, саяси құрылымның түбегейлі өзгеруіне әкелді.

Түркі халықтары исламды қабылдау арқылы саяси құрылымын өзгертті. Ислам діні мен шариғаттың саяси жүйеге енгізілуі түркілердің мемлекет басқару әдістерін өзгертіп, дін мен саясаттың өзара байланысын тереңдетті. Түркі мемлекеттерінде — шариғаттың рөлі қандай болды? Шариғаттың мемлекеттік басқару, сот жүйесі және әлеуметтік қатынастарға әсерін зерттеу маңызды сұрақ. Түркі әлемінде дін мен саясат арасындағы қарым-қатынасты зерттеу қазіргі кезде өте өзекті. Осы тұрғыдан алғанда, исламның саяси құрылымдарға мемлекеттілік идеологияның қалыптасуына негіз болды. Бүгінде кеңестік жүйенің ыдырауы мен тәуелсіздігін алған түркі елдерінің тарихы куә. Түркілердің тәуелсіздікке ұмтылуы саяси идеологияны дамытуда негізгі фактор. Кеңес Одағының құрамындағы түркі халқының ұлтшылдық қозғалыстары, әсіресе Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан және басқа да елдерде, тәуелсіздік пен ұлттық мемлекет қалыптастыру жолында маңызды орын алды. Ұлттық мемлекеттерді құру жолында демократиялық реформаларға деген қажеттілік туындады. Алайда, ұлттық мемлекет құрылымы мен демократияның даму деңгейі арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселесі өзекті. Түркілердің саяси құрылымындағы өзгерістер олардың құқықтық жүйесінің жаңаруы мен реформаларға әкелді. Конституциялық реформа, құқық қорғау жүйесін жаңарту және азаматтық қоғамды дамыту мәселелері бүгінгі күннің басты тақырыбы. Түркі мемлекетіндегі конституциялық реформалар қандай нәтижелерге әкелді? Заң үстемдігі мен адам құқығының қорғалуы, демократиялық институттардың дамуы — осы мәселелер маңызды.

Түркі халқының саяси өзгерістері геосаяси факторлармен тығыз байланысты. Әсіресе, Кеңес Одағының ыдырауы, Орталық Азиядағы түркітілдес елдердің тәуелсіздігі аймақтық ықпалдастық пен геосаяси қатынастарды қайта қарауға мәжбүр етті. Түркі елдері арасындағы геосаяси және экономикалық ынтымақтастықтың жаңа кезеңі қалыптасты. Ұлттық тұтастық, саяси тұрақтылық және ұлттық идеологиялардың маңызы қандай? Түркі елінің елдікке бастар жолындағы жаңа тұжырымдамалары мен оның қоғамдағы орны қандай болмақ? Тарихи, әлеуметтік, мәдени және геосаяси факторлармен тығыз байланыста болған саяси өзгерістер мен жаһандық мәселелер алаңдататыны анық. Түркі халқының саяси жүйесіндегі өзгерістер, олардың басқару жүйелерінің құрылымы, ұлттық идеологияның қалыптасуы, исламның саяси жүйеге ықпалы және құқықтық

реформалар заманауи түркі жұртының ұстанымын түсінуде маңызды рөл атқарды. Бұл қазіргі саяси жағдайын түсіну үшін өзекті.

Тегі бір түркі халқының тарихы мен мәдениеті, тілін зерттеуде өз ішінде шектелмей, басқа шекаралас жатқан халықтармен мәдениеті мен өнері, тілі мен дінін зерделегенде ортақ типологиялық индикаторларды пайдалануды алдыға тартқанымыз жөн. Кезінде еуроцентристік көзқарастар түркілік кеңістікті шектеп келді.

Бүгінде қазақ халқының танымының қалыптасуына ықпал еткен мәдени-саяси алмасулардың қоғамдағы орны мен руханиятымызға ықпалын жан-жақты қарастырғалы отырмыз. Т. Дарьяи «Сасанидская Персия: взлет и падение империи» деп аталатын еңбегінде парсылардың түркі халықтарына әсері туралы жазса [1; 200], П.Б. Голден «Түркі халықтарының тарихына кіріспе: этногенез және ортағасырлық Еуразиядағы мемлекет қалыптасуы» [2; 320], Л.Н. Гумилев «Көне түріктер» [3; 480] еңбегінде қараханидтер мен оғыздар арасындағы саяси және мәдени қарым-қатынасты көрсетсе, С.Б. Ержанова, Ж.А. Алиева «Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын» [4; 157] еңбегінде түркі және парсы әдебиеттерінің өзара ықпалы мен байланысын зерттесе, К.Э. Босворт «Иран әлемінің саяси және әулеттік тарихы» [5; 270] еңбегінде Иран мәдениетінің түркілерге әсері мен әдеби және архитектуралық ықпалы туралы қарастырған. П. Джексон «Моңғолдар және ислам әлемі: жаулап алудан исламдануға дейін» [6; 285] деп аталатын еңбегі моңғол империясының Түркі және Иранға жасаған ықпалын айтса, Г. Дёрфердің «Түрік және Иран халықтарының мәдениетаралық байланыстары» [7; 228] еңбегінде түрік-иран мәдениетінің өзара әсері мен байланысы туралы жазылған. М. Қойгелдиев: «Түркі халықтарының мәдениеті өзінің түп тамырымен дала өркениетінің негізінде жатқанымен, ол исламды қабылдағаннан кейін жаңа рухани бағыт қалыптасты. Түркі халықтарының саяси алмасуында айрықша маңызды рөл атқарды, өйткені ислам түркі қоғамының әлеуметтік құрылымына терең әсер етті» [8; 187], – деген болатын. Бұл жолда өзге ұлттар секілді ауызша мәдениет пен жазбаша мәдениеттің ықпалы да рухани кеңістігіміздің кеңеюіне арқау болды. Осы танымдық көкжиегімізді кеңейткен ертегі, аңыз, хисса, дастандар мен эпостық жырларға грек, парсы, моңғол т.б. халықтардың ықпалын мәдени-саяси алмасулардың нәтижесінде қолжеткіздік. Өр дәуірдің тілдік ерекшеліктеріне қатысты пікірді тіл мамандары арнайы зерделесе, түркілердің руна жазуы біздің дәуіріміздің VII-X ғасырын қамтып, Орталық Азия, Моңғолия мен Алтай аймағында қолданысқа түсіп, сүйекке, тасқа кейде металға тілініп жазылса, ислам дінінің келуімен IX-X ғасырда араб жазуы кеңінен тараса, XX ғасырда латын жазуы қолданылып, 1940 жылдан бастап кирилл графикасына көшу көптеген түркі халықтарында орын алды.

Түркі халқының ортақ мұрасы болып саналатын «Алпамыс» жыры эпикалық шығарма. Бұл эпикалық шығарма оғыз тілінде жазылып, қазақ, қырғыз, түркімен халқы өз тілінде сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Бұл жыр көп ғасырлар бойы ауызша тарап, XIX-XX ғ. қағазға басылып шықса, түркімен халқында бұл Түркіменстанның ұлттық символ болып саналған екен. Н. Бороффка, А. Султанова «VIII-XI ғғ. жазбаларындағы ежелгі түркілердің қоғамдық құрылымы мен билік жүйесінің кейбір аспектілері» атты еңбегінде қарастырады [9; 31-50]. Ғасырлар бойы қалыптасқан тегі бір түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы мен рухани тұтастығын қамтамасыз ететін мәдени-саяси алмасулардан байқасақ, моңғол империясы кезінде түрік және моңғол әдебиеті арасында алмасуды моңғолдардың эпикалық жырлары мен аңыздары түрік халықтарына әсер еткендігі дәлелдейді. Моңғол эпосының өзіндік ерекшелігі халықтың тұрмысын, салт-дәстүрі мен қоғамдағы моральдық нормаларын бейнелейтін жыр мен аңыздан құралған. Бұл жырлар ауызша тарап, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге дейін сақталған. Әсіресе, «Алтын тұлпар», «Құрыш батыр» жырларында батырдың ерлігі мен отанды қорғауға деген жігері сипатталса, «Шыңғыс хан туралы эпос» сондай-ақ бұл эпоста Шыңғыс ханның тарихи бейнесі мен оның ерлігі түркі халқының арасында кеңінен сақталған. Шыңғыс ханның соғысу тактикасының ерекшелігі мен мемлекетті құрудағы стратегиялық жоспарларының маңыздылығы қарастырылған. Осыдан моңғол эпикалық жырларының түркі халықтарының арасына тарап, олардың танымына әсері терең әрі маңызды болғандығын айтамыз. Оны біз әдеби, тарихи және мәдени жағынан әсер етіп, моңғол халқының тарихы мен мәдениеті түркі халқымен тығыз байланыста дамығанын көреміз.

Моңғол мен түрік халықтары жылқыны киелі жануар санап, табиғатпен үндестік таба білген. Екі халық танымында үндестік пен ортақ мүдде жолында, ел мен жерді қорғау қашан да маңызды болған. Әсіресе араб, парсы, моңғол мәдениеттерімен қарым-қатынасы, олардың саяси танымының қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Түркілердің араб, парсы және моңғол империяларымен арадағы

қарым-қатынастары олардың саяси және басқару жүйесіне ықпал жасады. Түркілер исламды қабылдағаннан кейін, араб мәдениетінің басқару жүйесін, құқығын және мемлекеттік құрылымдарын қабылдай бастады. Бұл арада саяси жүйелердің ерекшеліктері, мұрагерлік билік, мемлекеттік әкімшілік құрылымдары және қоғамдық қатынастар жайлы араб заңдары мен дәстүрлері түркілердің саяси құрылымына ықпал етті. Сонымен қатар парсы мәдениеті мен оның мемлекеттік жүйелері түркілердің сарай мәдениетін, ғылым мен білім саласын дамытудағы рөлін күшейтті. Әскери басқару, салық жүйесі және мемлекетті басқару мәселелері болды. Бұл орталықтандырылған билікті қалыптастыруға ықпал етті. Түркілер жаңа саяси тәжірибе мен басқару жүйесін меңгерді.

Түрік-моңғол арасында саяси-мәдени байланыстар орнады. Шыңғыс хан империясы құлағаннан кейінде бұл байланыс ұзақ уақыт сақталды. Шыңғыс ханның тарихи бейнесі мен жетістігі түркі халқының әдебиетінде кеңінен көрініс тапты. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, түркі халқының әдебиетінде, әсіресе, қазақтың батырлар жырында Шыңғыс ханның ерліктері мен тұлғасы, оның жаулап алу стратегиялары қарастырылса, мұндай тарихи тұлғалардың эпосқа қосылуы халықтардың ортақ тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етті. Екі халықтың шығармаларындағы кейіпкерлер рухани ізденісі мен құдайлармен қарым-қатынасы, табиғатпен байланысы, ғарыштық күштермен күресі мифологиясындағы ортақтықты көрсетеді.

Моңғолдар табиғатты құрмет тұтқан, олар ортақ тарихи және мәдени байланыс нәтижесінде дамығанын көрсетеді. Әдет-ғұрып пен шежірешілік дәстүрлер моңғол-түрік халықтарының ортақтығын көрсетсе, моңғол мен түркі тілдерінің өзара ықпалы да болды. Моңғол империясының құрамында көптеген түркі халықтары болғандықтан олардың тілдері мен мәдениеттері арасында көп ұқсастықтар қалыптасты. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, моңғол эпосында кездесетін кейбір сөздер мен сөз тіркестері өзара ұқсастықта ортақ мәдени тілді қалыптастырды. Моңғолдың батырлық жырында кездесетін поэтикалық сөздер түркі тілдеріндегі эпикалық туындыларында кездесетіндігін айқындайды. Бір жағынан алғанда, батырлар жыры, дүниетаным, мифология және тіл арқылы түркі халқының бай мұрасын байытса, екінші жағынан екі халық арасындағы мәдени-саяси байланыстарды қалыптастырып, ортақ тарихи жады мен мәдени бірлігін орнықтырған болатын. Түркі халықтарының өзара мәдени-саяси алмасуларының нәтижесінде, олардың саяси бірлігі мен ынтымақтастығын нығайту қажеттілігі күн тәртібіне қойылды. Түркі халықтары арасында ұзақ уақыт бойы қалыптасқан саяси мүдделер мен мәдени байланыстар олардың ортақ тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етті. Түркі империялары мен мемлекеттерінің саяси тарихы, олардың көршілес халықтармен, әсіресе иран, қытай, араб және моңғол халықтарымен қарым-қатынастары түркі әлемінің саяси тұтастығын анықтаса, тарихында саяси бірлік туралы ұғым танымдық көзқарасының жақындығы болып тұр. Ұлттарды бір-біріне жақындататын ежелгі тәңір діні мен шаманизм сияқты түркі және моңғол халқының ерте уақыттағы діни тәжірибелері негізделгенін атап өтсек болады. Ортақ сенімнің болуының өзі ортақ мәдени-тарихи мұралармен байланыстылығында. Себебі тәңір діні түркі мен моңғолдың ерте кезеңдегі негізгі сенімі. Тәңірге құлшылық жасап, бас июі екі халық танымында әлемнің жаратушысы, әлемдік заңдылықтарды басқаратын күш есебінде қарастыруы ортақтықты білдіреді. Тәңір барлық тіршілік пен табиғаттың құдіретті бастауы ретінде қарастырылған. Моңғолдар Тәңірді жоғарғы құдай ретінде мойындап, оның жердегі өкілі ретінде Шыңғыс ханның бейнесін ұлықтаған болатын. Моңғолдың түсінігінде тәңір діні әлемді, табиғатты және адамдар арасындағы байланысты түсінуде маңыздылығы зор деп тапса, түркі халықтары да тәңірге табынып, оның күшіне сеніп, құрмет көрсеткен. Ежелгі түркілердің діні мен мифологиясында Тәңір — жер бетіндегі барлық тіршіліктің басқарушысы және адам баласының тағдырын шешетін күш деп ұғынған. Шаманизмді ұстанған халықтың барлығы табиғатпен тығыз байланыста өмір сүріп, дүниенің рухани әлеміне сенген. Баксылар адам мен рухтар арасында байланыс орнатып, түрлі рәсімдер мен ғұрыптарды жүргізген.

Моңғолдарда шаман халықтың рухани көшбасшысы ретінде әртүрлі іс-шаралар мен ғұрыптарды атқарып, табиғат күштерімен байланыс орнатып, ем-дом жасай білсе, түркілерде шаманның басты қызметі халықтың тілектерін ғарыштық күштерге жеткізу, табиғат рухтарымен байланыс орнату, ритуалдар арқылы елді қорғауға бағытталған. Екі халықта табиғат құбылыстарына киелілік тән деп түсінген. Жер, Көк, Шаңырақ секілді ұғымдар мен қатар жылқы малы моңғол мен түркі халықтарында киелі болып саналған.

Моңғолдарда шаманның негізгі міндеті өлгендердің рухымен байланыс орнатып, олардың көмегіне ие болу болса, түркілерде ата-баба рухына табынып, олардың батасын алған. Жалпы түркілік танымда табиғат құбылыстары, жан-жануарлар мен өсімдіктердің барлық рухтары маңызды.

Түркі мен моңғол халқының танымындағы үлкен ортақтық Көк пен Жердің арасындағы қатынас тек физикалық қана емес, рухани байланыс ретінде қарастырылған. Көктегі Тәңір жерге өзінің құдіретін береді, ал жер Тәңірінің әмірін жүзеге асыратын орын болып саналған. Тәңірлік және шамандық түсініктерден екі халық танымындағы ортақтықты көруімізге болады.

Тарихта араб халифатының «дін үшін» ұранымен жүргізілген әскери жорықтары қаншама жерлерді жаулап алса, ал жергілікті түркі халықтарының тарапынан көрсетілген қарсылықтар болғанымен, қуатты мемлекетке қарсы тұра алмағаны белгілі. Бұл Орта Азия мен Таяу Шығыстың жақындасуына алып келді. Түркі халқының танымына ежелгі парсылардың ықпалы өте жоғары болды. Тарихта Парфия, Сасанидтер империясының түркі халықтары мен мәдениетіне тигізген ықпалы зор болды. Парсы мәдениеті мен дәстүрі түркілердің мәдениетіне, тіліне, діні мен саяси құрылымына айтарлықтай әсер етті. Бұл түркілік өркениеттің дамуы мен мәдениетіндегі ерекшеліктерді қалыптастырды. Тарихта Ұлы Түрік қағанаты, Селжүктер, Қараханидтер мемлекеті парсының басқару жүйесін қабылдады. Соның негізінде басқару жүйелерінің кейбір элементтері мен әкімшілік терминдер еніп, өзге де түркі мемлекеттерінің басқару құрылымына әсер етті. Парсылардың сарай мәдениетін түркілер өз империясының билік жүйесінде пайдаланып, өздерінің орталықтанған басқару жүйесін құрғаны дәлел. Тарихта зороастризм діні Сасанидтер империясының дәуірдеп тұрған кезінде мемлекеттік діні болды. Осы сенім түркілердің Орталық Азиядағы алғашқы ұрпақтарына әсері мол болды. Парсылық танымдағы — жақсылық пен жамандықтың күресі, дүниенің екіжақтылығы, адам мен құдай арасындағы байланыстар зороастризмнің философиялық қағидалары болып саналып, түркілік танымға ықпалы болғандығына қатысты пікірді зерттеуші ғалымдар ұсынған болатын. Белгілі ғалым Ә. Муминов: «Түркі халқының исламды қабылдауы парсылардың ықпалының айқын көрінісі», — деген болатын. Түркі халқының арасына исламның таралуына араб халифаты мен парсы мәдениетінің күшті ықпалы болғанын дәйектейді. Парсы мәдениетінің өзегіне айналған ислам философиясы, әдебиеті мен ғылымы және исламдық құқық түркілердің мәдениеті мен әлеуметтік құрылымына айтарлықтай әсер етті. Әлемге әйгілі Фирдоусидің бейнелеу тәсілін қолдана отырып, әрлендіріп отырды. Парсы сәулет өнерін түркі халықтары қабылдап, мавзолей, мешіт, сарай салуда архитектуралық стильдерінде ұқсастық байқалды. Бұған дәлел Түркістандағы сәулет өнерін айтсақта жеткілікті. Сонымен қоса парсы мәдениетінен түркілерге жібек мата тоқу, керамика және қолөнер бұйымдарының жасау тәсілдері тараған. Әсіресе, сәндік өнер мен дизайн түркі халқының тұрмысында кеңінен тарап, көрініс тапты.

Жазба мәдениеті мен тарихнамасына тоқталатын болсақ, Әл-Бируни мен Рашид ад-Дин сияқты тұлғалар өз шығармалары мен зерттеулерінде парсы тарихнамасын кеңінен пайдаланса, зерттеуші ғалымдар тарихи шежірелер мен ғылыми трактаттарда түркілерге парсылардың ықпалы болғанын айтады. Әл-Бируни математика, география, астрономия саласында қызмет еткен. Ол зороастризм мен парсы мифологиясын зерттеп, өзінің дүниетанымдық көзқарасын кеңейткен тұлғаның бірі. Тарихта түркілер парсылармен шекараластықтың нәтижесінде ғылым мен өнерде көп нәрсе жинақтай білген. Оның ерекшелігі сонда өз заманында зороастризм дінін діни тұрғыдан емес, оның мәдени және ғылыми ықпалына қатты назар аударды. Осы арқылы жақсы мен жаманның қатынасын қарастырып, дін исламмен салыстырып, ортақтығы мен айырмашылығын көрсетіп берген болатын. Түркілік таным өзін байытты. Түркілік танымда парсы және араб тілінен енген сөздер көп болған. Әл-Бируни шығармалары парсы мәдениетінің исламдық және түркілік дәстүрлермен интеграциясындағы маңызды көпір болды. Діни дүниетаным халықтың танымында ерекше орын алады. Түркі халықтары ислам дінін қабылдаған кезде, иран халқының көптеген элементтері, рәсімдері мен дәстүрлері қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етсе, моңғолдардың буддизм діні де түркі халқының танымында синкретикалық байланыс орнықтырғаны белгілі.

Талқылау

Түркі халқының саяси алмасулары зерттеу барысында бірнеше маңызды тұжырымдар мен нәтижелерге қол жеткізді. Бұл зерттеу түркі халқының саяси құрылымдағы өзгерістердің себептері мен нәтижелерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Төменде осы зерттеудің негізгі нәтижелері көрсететін болсақ, түркі халқының саяси жүйелері тарихи кезеңдерде айтарлықтай өзгерді. Көшпелі қоғамнан отырықшы қоғамға өту барысында саяси құрылымы қайта қалыптасты. Алғашқы көшпелі басқару жүйелері орталықтандырылған және республикалық басқару жүйелеріне алмасты, бұл түркі мемлекетінің тұрақты дамуындағы маңызды кезең болды. Орта Азиядағы түркі империяларының отырықшы мемлекеттерге айналуы, ислам дінінің негізінде құрылған империялардың құрылуы саяси

құрылымның күрделенуін көрсетеді. Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі тәуелсіздік алған түркі мемлекеттерінің саяси құрылымдары республикалық басқару жүйесіне негізделді.

Түркі халқының исламды қабылдағаннан кейін мемлекеттіктің құрылымы басы бүтін өзгеріске ұшырады. Бұл жүйе саяси басқарудың құрылымы мен заңдарына және мәдениетіне ықпал етті. Шариғаттың енгізілуі мен исламдық басқару жүйелерінің қалыптасуы түркілердің саяси танымын айтарлықтай өзгерткен. Түркі мемлекеттері дін исламдағы құқық пен саяси жүйенің енгізілуі олардың басқару құрылымдарын қайта жасақтауға тура келді. Мысалы, түркі халықтары арасында діни басшының саяси ықпалы артты, ал исламдық құқық пен шариғат басқару жүйесіне енгізілді. Түркі мемлекеттері ислам дінін қабылдай отырып, дін мен саясат арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етті. Мұндай саяси алмасулар мемлекеттік идеологияның қалыптасуына әсер етті. Идеология саяси тұрғыда тәуелсіздік алу мен ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртуға айналды. Ұлттық саяси ойлар мен ұлттық мемлекет құрылымы түркі халықтарында жаңа саяси тұжырымдамалар мен құндылықтардың пайда болуына жол ашты. Түркі тілдес елдердің тәуелсіздік жолындағы күресі, олардың саяси мәдениетін қалыптастырып, ұлттық бірегейлікке деген қажеттілікті көрсетті. Түркі халқындағы саяси алмасулар халықтың белсенді саяси қатысуымен, әлеуметтік әділеттілік пен құқықтық теңдікті талап ететін қозғалыстармен тығыз байланысты болды. Бұл қозғалыстар саяси өзгерістерге, әлеуметтік теңсіздікті жоюға, азаматтық қоғамды қалыптастыруға септігін тигізді.

Түркі халқында жаңа саяси элиталар мен орта таптардың қалыптасуы, саяси қатынастардың өзгеруіне ықпал етті. Саяси алмасулар құқықтық жүйелер мен конституциялық өзгерістерді тудырды. Әсіресе, XIX-XX ғасырларда көптеген түркі мемлекеттері конституциялық реформаларды жүзеге асырып, саяси құрылымдарын жаңартты. Түркі елінің конституциялық өзгерістері, заңдардың жаңартылуы және азаматтық құқықтарды қорғауға бағытталған реформалар саяси жүйелердің дамуына ықпал етті. Құқықтық жүйелердің реформалануы, басқару тәсілінде еркіндікке жол беруі саяси жүйенің демократиялану үдерісін жеделдетті. Түркі халқының саяси алмасулары геосаяси өзгерістерге әсер етіп, аймақтық ынтымақтастықты нығайтты. Бұл үдеріс түркітілдес елдер арасындағы байланыстарды, халықаралық қатынастарды бекіте түсті. Түркі мемлекеттері арасында геосаяси интеграцияны арттыру үшін белгілі түркілік ұйымдар мен аймақтық ықпалдастықты қалыптастырды. Түркі мемлекеттері геосаяси орнын қайта бағалау арқылы, әлемдік саясаттағы рөлін арттырды. Түркі халқының саяси жүйесіндегі өзгерістер жаңа саяси мәдениет пен тұжырымдамаларды қалыптастырды. Бұл жаңа саяси терминдер мен түсініктер түркі халқының саяси мәдениетін жаңаша қалыптастыруға әсер етті. Олардың саяси бірлігін сақтау және ұлттық мүдделерді қорғау мәселелері жаңаша тұрғыдан қарастырылды. Осы зерттеу барысында анықталған негізгі нәтижелер түркі халқының саяси тарихы мен мәдениетіндегі өзгерістерді толық түсінуге мүмкіндік берді. Түркі мемлекеті саяси құрылымын өзгертуі, исламның әсері, ұлттық мемлекеттің қалыптасуы, әлеуметтік және құқықтық реформалар, геосаяси ықпал және жаңа жүйелер тарихи кезеңдерге байланысты маңызды өзгерістер орын алды.

Көшпелі қоғамның басқару жүйесі мен құрылымы дәстүрлі түрде орталықсыз болды. Дегенмен уақыт өте келе түркілердің саяси құрылымы жаңа империяларды қалыптастырды. Бұл өзгеріс нәтижесінде мемлекетті басқару тәсілі жаңа формаға ие болды. Мысалы, түркілердің Селжұқтар мен Осман империяларының құрылуы көшпелі басқару жүйесінен отырықшы империяларға көшу процесін көрсетеді. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін, түркітілдес мемлекеттердің тәуелсіздік алуымен жаңа ұлттық мемлекеттер қалыптасты. Бұл жағдай саяси құрылымның республикалық басқару жүйелеріне көшуге әкелді. Түркі халықтарының исламды қабылдауы олардың саяси жүйелеріне үлкен ықпал етті. Ислам діні саяси және құқықтық жүйелердің дамуына әсер етіп, шариғаттың енгізілуі мен исламдық басқару модельдерінің қабылдануы түркілердің саяси құрылымын түбегейлі өзгерткен. Түркі империяларында исламның енгізілуі саяси жүйенің құқықтық және әлеуметтік негіздерін қалыптастырды. Атап айтсақ, түркілердің билік жүйесінде халифаттық және шариғаттық принциптер қолданылды. Басқару маңызды фактор болды. Ислам дінінің саяси басқару мен қоғамды ұйымдастырудағы рөлі айтарлықтай өзгеріске түсіп қалыптасты. Саяси жүйелеріндегі өзгерістер олардың ұлттық идеологияларын қалыптастыруға ықпал етті. XIX-XX ғасырлардағы ұлттық тәуелсіздік қозғалыстары мен ұлттық мемлекеттердің құрылуы түркі халықтарының саяси мәдениетіндегі жаңа бағыттарды анықтады. Тәуелсіздік үшін күрес олардың саяси идеологиялары мен мемлекеттік құрылымдарында жаңа тұжырымдамаларды қалыптастырды. Түркияның ұлттық мемлекетін қалыптастыруы, Қазақстан мен Өзбекстанның тәуелсіздік алу жолындағы күрестері — мұның айқын мысалдары. Түркі халықтарында ұлттық мемлекеттілікпен

катар демократиялану үрдісі де байқалды. Осыған байланысты саяси жүйелердің ашықтығы, азаматтық қоғамның дамуы және саяси құқықтар мәселесі маңызды орын алды. Көшпелі қоғамнан отырықшы қала өміріне көшу, экономика мен білім саласындағы жаңа өзгерістер, әлеуметтік топтардың саяси қатысуының артуы қоғамның жаңа саяси талаптарын көрсетті.

Түркі халқында саяси элита көбінесе әскери немесе дінбасылары тарапынан қалыптасты. Олардың арасындағы қарым-қатынас жаңа әлеуметтік қабаттардың пайда болуына ықпал етті. Мысалы, қала тұрғындары, саудагерлер мен білімді қауымдар жаңа саяси элиталар ретінде алға шықты. Әлеуметтік қозғалыстар, оның ішінде революциялар мен елдік жолдағы күрес басқару тәсілін өзгертті. Бұл жаңа саяси құрылымдар мен демократиялық реформаларды қалыптастыру үшін негіз болды. Түркі халықтарының саяси алмасулары геосаяси өзгерістерге де әсер етіп, халықаралық аренадағы рөлі мен аймақтық ықпалдастығы өзгерді. Кеңес Одағының ыдырауы, Түркияның НАТО-ға мүше болуы және Түркі мемлекетінің аймақтық ұйымдар құрғаны — бұл геосаяси өзгерістердің айқын көріністері. Түркі кеңесі сияқты аймақтық ұйымдардың құрылуы түркі мемлекетінің саяси және экономикалық ынтымақтастығын нығайтты.

Бұл ортақ мүддені қорғауға және бірлескен жобалар мен бастамаларды дамытуға мүмкіндік берді. Түркі халқының саяси алмасулары геосаяси қатынастарды қайта қарауға, соның ішінде Орталық Азия мен Түркияның халықаралық қатынастардағы рөлін арттыруға септігін тигізді. Түркілер саяси алмасулар нәтижесі жаңа саяси ұғымдарды қалыптастырды. Осы үдерістердің нәтижесінде жаңа саяси терминология мен түсініктер пайда болды. Түркі кеңістігі ұлттық мемлекеттік идеологияның дамуына ықпал етіп, ол жаңа саяси ұғымдардың қалыптасуына жол ашты. Бұл өзгерістердің нәтижелері түркі әлеміндегі саяси интеграция мен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті, сонымен қатар жаңа саяси ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына негіз болды.

Қорытынды

Түркі халқының саяси алмасулары қазіргі кезеңде өзекті әрі маңызды мәселе. Бұл зерттеу түркі әлемінің саяси құрылымдары қалай қалыптасып, өзгергенін, сондай-ақ түрлі ішкі және сыртқы факторлар саяси жүйесіне қалай ықпал еткенін талдауға мүмкіндік берді. Түркі халықтары саяси тарихында негізгі өзгерістер көшпелі өмір салтынан отырықшы мемлекеттерге көшу, ислам дінінің саяси құрылымға әсері, ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы, әлеуметтік құрылымдар мен саяси қатынастардың өзгеруіне қатысты мәселелерді қамтиды. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер түркі халықтарының саяси мәдениетінің күрделі және көпқырлы екенін көрсетті. Түркі халықтарының саяси құрылымдарының өзгеруі олардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуының айнасы болды. Мұндай өзгерістер саяси жүйелердің демократиялану процесі мен азаматтық құқықтардың кеңеюіне ықпал етті. Түркі халықтарының ұлттық мемлекеттер құруы, тәуелсіздік жолындағы күресі, дін мен саясаттың интеграциясы, сондай-ақ геосаяси ықпалдар мен аймақтық ынтымақтастық — бұл факторлардың барлығы қазіргі түркі мемлекеттерінің саяси жүйелерінің қалыптасуына, даму бағытына және болашақтағы тұрақтылығына әсер етеді.

Түркі халқының саяси алмасулар нәтижесі қазіргі саяси құрылымға әрі олардың өзара саяси ынтымақтастықтарын нығайтатын маңызды факторлармен анықталады. Түркі әлемінің саяси тұтастығы мен ынтымақтастығын арттыру мақсатында геосаяси, мәдени және экономикалық байланыстарды дамыту қажеттілігі туындап отыр. Бұл зерттеу түркі халқының саяси жүйесінің дамуында маңызы бар, әрі түркі мемлекеттерінің бірлескен іс-әрекеттері мен болашақтағы даму бағыттарын түсінуге көмек береді. Түркі халқының саяси жүйелеріндегі өзгерістер мен алмасулар олардың ішкі саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету, демократиялық принциптерді нығайту, азаматтық қоғамды дамыту және аймақтық интеграцияны арттыру мақсатында маңызды рөл атқарды. Бұл зерттеу түркі мәдениетінің бай тарихы мен оның әлемдік мәдениетке қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Көшпелі халықтардың танымына түрік, моңғол, иран мәдениетімен Ұлы Жібек жолының бойында өнер, ғылым, дін мен сауданың орын алуы Қытай, Парсы, Үндістан, Араб елдерімен байланысы олардың мәдениетін жаңа деңгейге көтерді. Монғол шапқыншылығы кезінде қазақ жеріне келген монғол мәдениеті, әсіресе, әскери өнер мен әкімшілік жүйе қазақ мәдениетіне әсер етсе, Ресей империясының Қазақстанды отарлауы барысында орыс мәдениеті мен дәстүрлері қазақ халқының өміріне енді. Бұл кезеңде білім, әкімшілік және мәдениет салаларында ықпалды өзгерістер орын алды. Кеңес үкіметі тұсында Қазақстанда интернационализация саясаты жүргізілді. Осы уақытта түрлі этностар мен мәдениеттер арасында алмасу күшейді. Әдебиет, өнер, ғылым салаларында жаңа бағыттар пайда болды.

Еліміздің тәуелсіздігі, түркі халықтарының өзара саяси байланыстарын жаңғыртуда жаңа кезеңін ашты. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз түркі әлемімен және басқа да елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды нығайтуға ерекше мән берді. Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын күшейту, жалпы саяси және экономикалық мүдделерді алға тарту мен түркі мәдениетінің бай мұрасын сақтау мақсатында халықаралық ұйымдар мен іс-шараларға қатысу еліміз үшін үлкен маңызға ие.

Түркілердің өткен тарихы мен мәдени мұрасы бүгінгі күнде Қазақстанның ұлттық саясатын, мәдениетін сақтауда және дамытуда негізгі бағыттың бірі. Қазақстанның тәуелсіздігі мен оның саяси жүйесінің жаңаруы түркі әлеміндегі басқа мемлекеттермен бірге халықаралық саясатта өзіндік орны мен ықпалы бар мемлекет ретінде танылуына мүмкіндік берді. Еліміздің тәуелсіздік алуы мәдени алмасулардың жаңа кезеңін бастады. Батыс және Шығыс мәдениеттері, түрлі халықаралық ұйымдармен байланыстар нығайып, Қазақстан мәдениеті әлемдік деңгейде танымал бола бастады. Ұлтымыздың тарихында мәдени алмасулар әртүрлі кезеңдерде орын алып, ұлттық мәдениетті байытуға, халықтардың өзара түсіністігін арттыруға ықпал етті. Заманауи мәдениетпен қатар, дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау мен дамыту маңызды. Түркі халқының саяси танымы, мәдени-саяси алмасулар нәтижесінде басқару жүйелері мен саяси құрылымы сыртқы мәдениетпен және мемлекеттермен байланысы әсерінен өзгеріп отырды. Түркі әлемінің халықаралық аренадағы орны мен маңыздылығы артып, болашақта мәдени-саяси дамудың жаңа тетігін қалыптастыратыны белгілі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Touraj Daryae. Sasanian Persia: The Rise and Fall of an Empire / Daryae Touraj. — London: I.B. Tauris, 2009. — 256 p.
- 2 Golden P.B. An Introduction to the History of the Turkic Peoples: Ethnogenesis and State-Formation in Medieval and Early Modern Eurasia and the Middle East / P.B. Golden. — Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 1992. — 483 p.
- 3 Гумилев Л. Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған / Л.Н. Гумилев; ауд. Ә. Жұмабаев, П. Бейсенов. — Алматы: Білім, 1994. — 480 б.
- 4 Ержанова С.Б. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын: оқу құралы / С.Б. Ержанова, Ж.А. Алиева. — Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2014. — 157 б.
- 5 Bosworth C.E. The Political and Dynastic History of the Iranian World (A.D. 1000–1217) / C.E. Bosworth // The Cambridge History of Iran. — Cambridge: Cambridge University Press, 2008. — 320–400 p.
- 6 Jackson Peter. The Mongols and the Islamic World: From Conquest to Conversion / Peter Jackson. — New Haven; London: Yale University Press, 2017. — 614 p.
- 7 Doerfer Gerhard. “Central Asia XIV. Turkish-Iranian Language Contacts” / Gerhard Doerfer // In The Encyclopaedia Iranica, Vol. V, Fasc. 3, pp. 226–235. — New York: Columbia University, 1991.
- 8 Қойгелдиев М. Тарих — күрес алаңы / М. Қойгелдиев. — Алматы: Мектеп, 2011. — 388 б.
- 9 Boroffka N. Some aspects of the social structure and authority of the Ancient Turks in written sources of the 8th–11th centuries / N. Boroffka, A. Sultanova // Turkic Studies Journal. — 2024. — Vol. 6(3). — P. 31–50.

Б.Л. Таирова, М.Ж. Спанов, С.К. Мейірбекова

Философские грани тюркской цивилизации

Духовное бытие и мировоззренческие основы каждой цивилизации находят отражение в системе философского мышления. Тюркская цивилизация — это великая цивилизация, сформировавшаяся на протяжении тысячелетий в евразийском пространстве и вобравшая в себя исторические, культурные и духовные традиции. Её философские грани основываются на гармонии человека, общества, природы и космоса. В данной статье рассматриваются философское значение, мировоззренческие особенности тюркской цивилизации и их значение для современности. В ходе исследования применялись исторический, сравнительный, социально-политический и культурный методы анализа. Посредством изучения истоков и направлений, оказавших влияние на формирование исторического сознания тюркских народов, предпринята попытка осмыслить межэтническое мировоззрение в современном контексте. На этой основе анализируются трансформации политических структур, изменения в системе управления и идеологические сдвиги. Целью является выявление духовной преемственности и её влияния на национальное самосознание в контексте определения сущности нашего народа и перспектив его будущего развития. Рассматриваются жизнеспособные идеи, соединяющие прошлое и настоящее. Анализ и экспертное осмысление представляют собой важный инструмент в оценке ценностей современности. В числе основных результатов — выявление связи изменений в политических системах тюрк-

ских народов с внешними факторами и внутренними социально-политическими процессами. Кроме того, показано влияние ислама и стремления к национальной независимости на формирование специфических методов управления и политических явлений в истории тюркских обществ. Исследование позволяет определить современное состояние политической интеграции и сотрудничества в тюркском мире. Полученные результаты раскрывают общие закономерности развития политических систем тюркских народов, а также их отношение к современным политическим изменениям, что вносит вклад в понимание и представление текущих мировых процессов.

Ключевые слова: кочевая культура, политическая интеграция, региональное сотрудничество, тюркская культура, политические обмены, культурные влияния, исторические связи, Великий Шелковый путь.

B.L. Tairova, M.Zh. Spanov, S.K. Meirbekova

Philosophical Facets of the Turkic Civilization

The spiritual existence and worldview foundations of every civilization are reflected in its system of philosophical thought. The Turkic civilization is a great civilization that has developed over millennia in the Eurasian space, integrating historical, cultural, and spiritual traditions. Its philosophical dimensions are based on the harmony of the individual, society, nature, and the cosmos. This article examines the philosophical significance and worldview characteristics of the Turkic civilization, and their relevance for the modern era. The study employs historical, comparative, socio-political, and cultural methods of analysis. By exploring the origins and directions that influenced the formation of the historical consciousness of the Turkic peoples, an attempt is made to comprehend interethnic worldviews in a contemporary context. On this basis, transformations of political structures, changes in governance systems, and ideological shifts are analyzed. The aim is to identify spiritual continuity and its impact on national self-consciousness in the context of defining the essence of our people and the prospects for their future development. Viable ideas that bridge the past and the present are considered. Analytical and expert reflections are presented as essential tools in assessing the values of modernity. Among the main findings is the identification of the relationship between changes in the political systems of the Turkic peoples and both external factors and internal socio-political processes. In addition, the influence of Islam and the aspiration for national independence on the formation of distinctive governance methods and political phenomena in the history of Turkic societies is highlighted. The study also provides an opportunity to determine the contemporary state of political integration and cooperation within the Turkic world. The results reveal common patterns in the development of the political systems of the Turkic peoples, as well as their attitudes toward current political changes, contributing to the understanding and interpretation of present-day global processes.

Keywords: nomadic culture, political integration, regional cooperation, Turkic culture, political exchanges, cultural influences, historical ties, the Great Silk Road

References

- 1 Touraj, Daryaei. (2009). *Sasanian Persia: The Rise and Fall of an Empire*. London: I.B. Tauris.
- 2 Golden, P.B. (1992). *An Introduction to the History of the Turkic Peoples: Ethnogenesis and State-Formation in Medieval and Early Modern Eurasia and the Middle East*. Wiesbaden: Harrassowitz Verlag.
- 3 Gumilev, L. N. (1994). *Köne türikter: kopshilik oqyrman qauymga arналған* [Ancient Turks: for a wide range of readers]. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 4 Yerzhanova, S.B., & Aliyeva, Zh.A. (2014). *Yezhelgi dauir adabietindegi kone turkilik saryn: oqu quraly* [The ancient Turkic motif in the literature of antiquity: Study Guide]. Almaty: "Qyzdar universiteti" baspasy [in Kazakh].
- 5 Bosworth, C. E. (2008). *The Political and Dynastic History of the Iranian World (A.D. 1000–1217)*. The Cambridge History of Iran. Cambridge: Cambridge University Press.
- 6 Jackson, Peter. (2017). *The Mongols and the Islamic World: From Conquest to Conversion*. New Haven; London: Yale University Press.
- 7 Doerfer, Gerhard. (1991). Central Asia XIV. Turkish-Iranian Language Contacts. *Encyclopaedia Iranica*. Vol. V, Fasc. 3. New York: Columbia University.
- 8 Kojgeldiev, M. (2011). *Tarikh — kures alany* [History is a field of struggle]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 9 Boroffka, N., & Sultanova, A. (2024). Some aspects of the social structure and authority of the Ancient Turks in written sources of the 8th–11th centuries. *Turkic Studies Journal*, Vol. 6(3), 31–50.

Авторлар туралы мәліметтер

Таирова Багила — философия ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан; <https://orcid.org/000-0001-7835-6988>

Спанов Мейірхан — философия ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, заң факультеті философия кафедрасының доценті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0001-1695-7152>

Меирбекова Светлана — педагогика және психология ғылымдарының магистрі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0009-9500-1412>

Information about the authors

Tairova Bagila — Candidate of Philosophical Sciences, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan; <https://orcid.org/000-0001-7835-6988>

Spanov Mejrkan — Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Philosophy, Faculty of Law, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0001-1695-7152>

Meirbekova Svetlana — Master of Pedagogical and Psychological Sciences, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0009-9500-1412>